













Сопоставить Жануарлар тыныс алу мүшесі



Перетащите каждое
ключевое слово к
его определению.







«Балалар, комиксте Аружанның жүгіріп келгеннен кейін тынысының жиілегенін байқадыңдар. Бұл кездейсоқ жағдай емес. Адам жүгіргенде немесе тез қозғалғанда, ағзаға көбірек энергия қажет болады. Ал энергия өндірілуі үшін міндетті түрде оттегі керек. Сондықтан ағза оттегіні көбірек алу үшін тыныс алу жиілейді. Яғни тыныс алу жүйесі белсенді жұмыс істей бастайды.

Ал енді ойланып көрейік:




Ауа қай жолмен өтеді?

Өкпе ағзада қай жерде орналасқан?



Және ең маңыздысы — тыныс алу жүйесі бұл оттегіні қалай тасымалдайды?

Бүгінгі сабағымызда осы сұрақтардың бәріне жауап іздейміз.

Ендеше, тыныс алу жүйесінің құрылысы мен қызметін бірге зерттеп көрейік.»









Тынысалу мүшелері. Адамның тынысалу жолдарының құрылысы мен газ алмасу мүшелері. БЖБ 3

7.1.4.5 адамның тыныс алу мүшелерінің құрылыс ерекшеліктерін танып білу;









Сабақ мақсаттары


- Адамның тыныс алу үдерісіндегі қызметін түсінеді;
- Адамның тыныс алу жүйесінің негізгі мүшелерін ажыратады және олардың құрылыс ерекшеліктерін сипаттайды;



Ағза мен қоршаған орта арасындағы газ алмасу үдерісі. Тыныс алу кезінде өкпеге оттектүсіп, көмірқышқыл газы шығарылады.







Өкпенің құрылысы

Өкпе – жұп мүше.

Оң жақ өкпе үлкен, ол үш бөлікке бөлінеді.


Сол жақ өкпе жүрек есебінен кішірек болады, ол екі бөлікке бөлінеді.

Әрбір альвеола ұсақ қан тамырлары (капиллярлар) торымен қоршалған. Оларда көмірқышқыл газына қаныққан қан тазартылады да, оттекке қанығады.

Газалмасу альвеола қабырғасы және ұсақ қан тамырлары арқылы жүреді.

Альвеола өкпені ұяшықты етеді, газалмасу жүзеге асатын бетінің ауданын арттырады.

Ауа көпіршіктері – альвеоламен



Тапсырма 1

Жұптық жұмыс

«Араласып кеткен тізбек» әдісі

Тыныс жолдары: бронхылар, мұрын қуысы, кеңірдек, көмей. Мүшелерді тыныс алу жолындағы реттілігімен жазыңдар:


- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.

2. «Толықтырылған сөйлем» әдісі

Екі сөйлем беріледі. Жұп өкпе суретін қарап отырып сөйлемді дұрыс толықтырады. Жұптар жауаптарын салыстырады.



Оң жақ өкпе — ____ бөліктен тұрады.
Сол жақ өкпе — ____ бөліктен тұрады.




Тапсырма 1

3. «Суретті талдау» әдісі

Әр жұп 3 мүшені талдайды, кейін бір мәтінге біріктіреді. Әр жұп тыныс алу жүйесінің жұмысын 4–5 сөйлеммен сипаттайды.

Суреттен тыныс алу мүшелерін көрсетіп, қызметін жаз:

- Мұрынқуысы → _____
- Жұтқыншақ → _____
- Көмей → _____
- Кеңірдек → _____
- Бронхи → _____
- Өкпе → _____



Дескриптор:

- 1) Тыныс алу мүшелерін дұрыс ретпен орналастырады – 1 балл;
- 2) Оң және сол өкпенің бөліктер санын дұрыс анықтайды – 1 балл;
- 3) Суреттегі мүшелерді дұрыс анықтайды – 1 балл;
- 4) Әр мүшенің қызметін нақты сипаттайды – 1 балл;
- 5) Газ алмасудың орындалуын түсіндіреді – 1 балл;

Тапсырма 2

Функционалдық сауаттылық тапсырмасы

Мәтін: “Тыныс алу жолы неге бұзылды?”

Аружан таңертең мектепке барған кезде мұрын арқылы дұрыс дем ала алмай жатқанын байқайды. Сабақ барысында оның тынысы қиындап, жиі жөтеле бастайды. Үйіне келген соң анасы мына жағдайларды анықтайды:

Аружанның бөлмесінде шаң көп

Терезе жиі ашылмайды, бөлме ауасы тар

Қабырғаларда көгерген саңырауқұлақ дақтары байқалады

Үйде бір адам темекі шегеді

Аружан соңғы күндері суықтап, мұрны бітеліп жүрген

Оқулықтағы тыныс алу жүйесінің құрылысы мен қызметіне сүйене отырып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.



Сұрақтар:

1. Аружанның тыныс алуының қиындауына қандай факторлар әсер еткен?

3 фактор жазыңыз.

2. Бұл жағдай тыныс алу жолдарының қай бөліктерінің жұмысына әсер етеді?

Мысалы: мұрын қуысы, кеңірдек, бронхылар.

3. Егер адамның мұрын қуысы дұрыс жұмыс істемесе (ауа тазаланбаса, жылымаса), қандай қауіптер туындайды?


Екі қауіп жаз.

4. Оқулықтағы мәліметке сүйене отырып, Аружан өз бөлмесінде қандай өзгеріс енгізуі керек?

Денсаулыққа пайдалы 3 ұсыныс жаз.



5. Темекі түтіні тыныс алу жүйесіне қалай зиян келтіреді?

1 сөйлеммен түсіндіріңіз.



Дескрипторлар:

- 1) Оқушы тыныс алуға әсер еткен факторларды дұрыс анықтайды – 1 балл;
- 2) Тыныс алу мүшелері қайсысының жұмысына әсер ететінін көрсетеді – 1 балл;
- 3) Мұрын қуысының қорғау қызметін түсіндіреді – 1 балл;
- 4) Тұрмыстық жағдайды денсаулықпен байланыстырып, ұсыныс жазады – 1 балл;
- 5) Темекінің зиянын ғылыми тұрғыдан түсіндіреді – 1 балл;



“Тыныс алу жолын қорғау” рефлексиясы

- Бүгін білдім, тыныс алу мүшелері ...
- Түсіндім, шаң, көгеру, темекі түтіні ... әсер етеді.
- Енді жасаймын, бөлмені ...

